

*«Жұлдыздар мекені»  
бөбекжай балабақшасы ЖШС*

*Ертеңгілік*

*Тақырыбы: «Тауелсіздік-ел тірегі»*

*Орындаған: Барлық педагогтар*

*Қабылдаған: Абзакулова А*

*2018-2019ж*

**Күні: 15.12.2018 ж**

**Тақырыбы: «Тәуелсіздік- ел тірегі» мерекелік ертеңгілігі .**

**Мақсаты:** Туған елінің болашағына үлес қосып, елі, жері үшін қызмет етуге тәрбиелеу. Ұлттық тілді жақсы меңгеруге, ұлтжандылық сезімді қалыптастыруға ойлау, танымдылық қабілеттерін арттыра отырып, өнерге баулу.

**Жүргізуші:** Құрметті аса қадірменді қауым! Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғанымызға мінекей 26 жыл болыпты. Балалар сендер Тәуелсіз мемлекетте жарқын өмір сүріп жатқан бақытты бүлдіршінсіңдер. Өмірлерің мәнді де сәнді болсын, аспанымызды бұлт шалмасын деп тілек тілеп ертеңгілігімізді бастаймыз.

**Жүрг:** Қуан халқым! Қуанатын күн бүгін,  
Серпін таста мұңды жүрек түндігін  
Шарықтайық, шаттанайық, тынбайық  
Тәуелсіздік күнін бүгін, халқым бірге тойлайық!-дей келе бүгінгі балабақшамыздың «Тәуелсіздік –ел тірегі» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Бостандығым!

Тосқан күнім азалдан,

Жиырма алты жыл – аспан кірсіз, ажарлы ән.

Сен келгенде серпілгенмін қайғыдан,

Сен келгенде сары мұңнан тазарғам.

Ессіздерде есем кетті қаншама,

Кездерде өтті шындық іздеп шаршаған.

Тәуелсіздік тәтті үмітім едің ғой,

Талай таңдар таңдайымда тамсаған,-дей келе «Жаса Қазақстан» әнін қабыл алыңыздар. Орындайтын ересек «Күншуақ» тобының тәрбиеленушісі Рахматулла Ғалымжан.

**Жүргізуші:**

Беу, Азаттық!

Болсаң бізге баянды,

Аранына кетпей тұрып аярдың.

Бодан болып көз ілгенмін кеше мен,

Бүгін таңда бостан болып ояндым,-дей келе бүгінгі мерекеге арналған «Жауқазын» тобының «Лента » биін ду қол шапалақпен қарсы алыңыздар.

Базарында мұң мен шаттық бір жүрген,

Дүрмек күннің алдамшысын кім білген?..

Желтоқсанда мұз шайнаған көкемнен,

Тамған қанға өсіп шыққан гүлмін мен. –дей келе есем

тәрбиешілеріміздің орындауында «Тәуелсіздік» әнін қабыл алыңыздар.

Жебесімін көбе бұзар түркінің,  
Егесімін күллі түркі жұртының.  
Назарына түспесе де дұшпанның,  
Жанарыма тұнған шықты іркітім,-дей келе мерекелік **«Полька»** биін  
**«Бәйшешек» тобының орындауында қарсы алыңыздар**

**Жүрг:** шетсіз шексіз қиырсыз ұлы дала  
Шуақ болып шашылмай жылына ма  
Сүй отанды шынымен сүйіп өт те  
Гүл боп қадал ойына, қырына да,-дей келе бүлдіршіндердің тақпақтарына  
**кезек береміз.**

Буырқанса, күнді тұтып, ай жапқан,  
Намысының найзағайын ойнатқан.  
Ұлы көштің үзілмеген арқауы,  
Қарға бойлы Қазтуғаннан – Қайратқа.  
Дастаным бар балбал тасқа қашаған,  
Аспаным бар ала бұлттан босаған.

Асылына ие болған Алаштың,  
Айналайын менің алтын босағам,-дей келе **«Күншуақ»** тобының  
орындауында **«Қазақша»** биін қарсы алыңыздар.

**Елбасымыздың 2017 жылдың 17 сәуірінде жарияланған**  
**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** атты мақаласы аясында  
**балабақшамызда көптеген іс-шаралар**  
**ұйымдастырылып, өткізілуде. Жемқорлыққа жол**  
**бермейік, жемқорлықпен күресейік. Тәрбиешілеріміздің шағын әзіл**  
**көрінісін қабыл алыңыздар.**

Ашық болсын десек елдің аспаны,  
Мөлдір судай тұнық болсын,  
Сәбилерге үлгілі өнер көрсеткен  
Балабақша тәрбиенің бастауы, дей келе **«Құлыншақ»** тобының тәрбиеленушісі  
Зұнайдаров Ерасылдың орындауында **«Көк тудың желбірегені»** әнін қабыл  
**алыңыздар.**





ТӘУЕЛСІЗДІК-ЕЛ

ТІРЕГІ





